


Орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы 7 сынып





Психологиялық дайындық

Күлімдеп күн бүгін, (қолдарын көтереді.)
Қарады маған да! (қолдарын кеуделеріне қояды.)
Күлімдеп күн бүгін,
Қарады саған да! (қасындағы балаға қарайды)
Сәлем деймін достарға!
Сәлем барша ұстазға!
Тату болып халықтар,
Аман болсын балалар!.





Сынып оқушыларын топтарға бөлу.
1 топ. «Ғалымдар»

2 топ. «Тарихшылар»

3 топ. «Әдебиетшілер»


4 топ. «Сарапшылар»



II. Үй тапсырмасын сұрау


Кубик лақтыру ойыны






Ұлы Жібек жолымен
батыстан шығысқа
қарай қай дін
тарады?






*Фарн дегеніміз
не?*





Тотемге табыну
дегеніміз не?









**Суретте не көріп
тұрсың?**






960 жылы
исламды
мемлекеттік дін
деп жариялаған
кім?





“Дін үшін соғыс”
қай жылдары
болды?





Араб қолбасшысы
Кутейба ибн
Муслимнің
Шашты басып
алған жылы?



Үй тапсырмасын қорытындылау

«Кім жылдам?»

- 1. Зороастра дегеніміз не?
- 2. Қарахан мемлекетінің – негізін салушы
- 3. Ислам дініне дейінгі діни нанымдар
- 4. Жібек жолы бойымен Иранда III ғасырда қалыптасқан дін



Сабақтың эпиграфы:



Арғымаққа міндім деп
Артқы топтан адаспа!
Күнінде өзім болдым деп
Кеңпейілге таласпа!
Артық үшін айтысып,
Достарыңмен санаспа!
Ғылымым жұрттан асты деп
Кеңессіз сөз бастама!
Жеңемін деп біреуді
Өтірік сөзбен қостама!





Твое Зудее


КАПИТАЛ ШОУ



Ф [] [] [] [] [] [] []




Дүниеде бір дария беті қатқан
Бетінде бетегесі шығып жатқан
Қараса ол құдыққа көз жетпейді
Құр қалмас сол құдықтың дәмін
татқан






Твое Зудее

КАПИТАЛ ШОУ




Бойлаған сайын тереңге
шығасын биік белеңге



**Сабақтың
тақырыбы:**

***Ғылым мен білімнің
дамуы***



Сабақтың мақсаты:

1. Орта ғасырда ғылымның дамуы мен оған үлес қосқан ғылымдардың еңбектерімен оқушыларды жан-жақты таныстыра отырып, шығармалардың тарихи маңызы туралы түсінікті қалыптастыру;
2. Оқушылардың тарихи-ғылыми еңбектерді талдап, салыстырып, қорытынды жасау қабілеттерін дамыту;
3. Қазақ халықына қатысты тарихи шығармаларды өмірде орынды қолдана білуге, олардан тәлім-тағлым, білім алуға, өз Отанына қатысты деректерді ізденуге, тарихи құндылықтарды құрметтеуге тәрбиелеу.



Әбу Насыр - Әл Фараби





Әл- Фараби араб, парсы, түркі,
латын, грек тілдерін жақсы білген.



Жүсіп Баласағұн

ақын, ойшыл, ғалым, мемлекет қайраткері.



Ахмет Иүгінеки



Қожа Ахмет Ясауи—1093жылы тулыған. Түркістандық ғұлама, [әулие](#). Қожа Ахмет Ясауидің арғы тегі қожалар әулеті. Әкесі – [Исфиджабта](#) даңққа бөленген әулие, Әзірет Әлінің ұрпағы [Шейх Ибраһим](#). Анасы – Мұса шейхтың қызы Айша ([Қарашаш ана](#)). Мұса шейх те Исфиджабта әулиелігімен танылған. Кейбір деректерде Қожа Ахмет Ясауидың Ибраһим атты ұлы мен [Гауһар Хошназ](#) ([Жауһар Шахназ](#)) атты қызының болғандығы айтылады. Қожа Ахмет Ясауидың ұрпағы негізінен осы қызынан тарайды

Қожа Ахмет Яссауи.
(1094-1167 ж.ж)

Топтарға тапсырма

«ЖИГСО»

◎ № 1 топ - Өбу Насыр әл-Фараби
(870-950 ж.ж.)

№ 2 топ - Өбу Райхан әл-Бируни.
Махмуд Қашқари

№ 3 топ - Жүсіп Баласағұни.

◎ 4-топ - Ахмет Йүгнеки. Қожа
Ахмет Йасауи



Дұрыс жауабын тауып “+” таңбасын қой.

Өмір с.жылд. Ғалымдар	870-950	1021-1075	1103-1167	973-1050	1030-1090
Махмуд Қашғари					
Жүсіп Баласағұни					
Әбу Наср әл-Фараби					
Қожа Ахмет Йасауи					
Әбу Райхан әл-Беруни					



Сабақтың бекіту:

Дискуссиялық әдіс: келісемін, келіспеймін

- Әл- Фараби “Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы” туралы философиялық туынды жазған.
- Әл- Фараби “Шұбар айғыр” күйін шығарған.
- Махмуд Қашқари өзінің саналы ғұмырын туған халқының тілін зерттеуге арнаған.
- Махмуд Қашқариға “Ұлы хас- хажип” деген лауазым берген.
- Жүсіп Баласағұни Баласағұн қаласында туған
- Жүсіп Баласағұни “Құдатғу білік” еңбегін Сүлеймен Арслан ханға сыйға тартқан.
- Ахмет Иүгенекидің бізге жеткен шығармасы “Ақиқат сыйы”
- Қожа Ахмет Йасауи 7 жаста әкесінен жетім қалған
- Қожа Ахмет Йасауидің бізге жеткен еңбегі “Құдатғу білік”



- Үйге тапсырма: 21 параграфты оқу. Тақырып соңындағы сұрақтарға жауап беру. Ғұламалардың өмірбаянына қатысты қосымша кітаптар оқу, реферат жазып келу.



Данышпан Әбу Насыр әл-Фараби Түркістан тарапындағы Отырар шаһарында 870 жыл шамасында туған. 950 жылы Шам (Дамаск) шаһарында ұлы ұстаз дүние салды. Бұл мәлімет ерте заманғы арабша жазылған шежіре кітаптарында берілген.



«Екінші Ұстаз» үлес қосқан ғылым салалары



Философия

Астрономия

География

Музыка

Медицина

Саясаттану

Математика

Жаратылыстану


Тіл білімі

Этика

Логика

Физика

Әл-Фараби
кім ?



150 ге жуық ғылыми еңбектер жазып қалдырған.

Геометриялық сызықтар жасаудың әдістері

Астрология

Ізгі қала тұрғындарының көзқарасы

Ақылдың мәні туралы трактат

Данышпандықтың інжу маржаны

Музыканың ұлы кітабы

Ғылымдардың шығуы

Философияны оқу үшін алдымен не білу керек?

Аристотель еңбектеріне түсіндірме

**Ұлы
ғалымның
еңбектері**


Шымкент қаласында Мәдениет институты, Алматыда Қазақ Ұлттық университеті Әбу Насыр Әл-Фараби атымен аталады.





Жүсіп Баласағұн өмірі жайында мәлімет мардымсыз. Ол 1017 жылы Қыз-Орду атымен белгілі Баласағұн қаласында дүниеге келген. Бұл қаланың орналасқан жері жөнінде түрлі пікір бар. Біріншісі Жетісуда, Шу жағалауында, Тоқмақ қаласынан алыс емес жерде десе, екіншісі Жамбыл облысының аумағында, Ақтөбенің жоғарғы жағы дейді. Кейбір деректерде Баласағұн қаласы Қарахан мемлекетінің қолөнер сауда орталығы болғанын айтады. Қағанаттың әлеуметтік-экономикалық өмірін отырықшы да көшпенді аралас шаруашылық құрады. Жүсіп Отырар, Шаш (Ташкент), Тараз, Шу жазығы, Ыстықкөл, Ферғана, Қашғар шаһарларында өркен жайған мәдени ортадан шыққан еді.

Жүсіптің ақын ретінде де, ғалым ретінде де атын шығарған еңбегі «Құтты білік», «Құтадғу білік» атты дидактикалық поэмасы.



بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ
مَوْلَانَا مُحَمَّدٌ

Құтты білік дастаны


“Құтты білік” дастаны орта ғасырларда бүкіл түркі әлеміне түсінікті болған Қарахан әулеті мемлекеті түріктерінің тілінде жазылған. Жүсіп Баласағұн «Құтты білікті» 1069-1070 жылдары Баласағұн қаласында бастап, он сегіз айдың ішінде Қашқар қаласында аяқтаған. Оны Қ.Каримов өзбек тіліне (1971), Н.Гребнев (1971) пен С.Иванов орыс тіліне (1983), А.Егеубаев қазақ тіліне (1986), бір топ аудармашылар ұйғыр тіліне (Пекин, 1984) тәржіма жасады. Қарахан әулеті билік жүргізген дәуірде ұлан-ғайыр өлкені алып жатқан осы мемлекеттің басқару тәртібін белгілейтін ережелер, сондай-ақ, қоғам мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін айқындайтын тиісті заңдар жоқ еді. Міне, елдегі осы олқылықтың орнын толтыру мақсатымен Жүсіп Баласағұниөзінің “Құтты білік” дастанын жазды. Демек, дастан белгілі бір мағынада елдегі Ата заң (Конституция) қызметін атқарған.

. Дастанның бізге жеткен үш көшірме нұсқасы бар. Біріншісі, Герат қаласында 1439 жылы көне ұйғыр жазуымен (қазір ол Вена қаласындағы Корольдік кітапханада сақтаулы), екіншісі, 14-ғасырдың бірінші жартысында Египетте араб әрпімен (Каирдың Кедивен кітапханасы қорында) көшірілген. Ал Наманган қаласынан табылған үшінші нұсқасы 12-ғасырларда араб әрпімен қағазға түсірілген. Бұл қолжазба Ташкенттегі Шығыстану институтының қорында сақтаулы тұр. Ғалымдар осы үш көшірме нұсқаның әрқайсысына тән өзіндік ерекшеліктерді жинақтай отырып, «Құтты білік» дастанының ғылыми негізделген толық мәтінін жасап шықты.





Жүсіп Баласағұн

ҚАҒАЗ ТҮСІРІЛГЕН НҰСҚА



*Ахмед Иүгінеки, Югнаки Адиб Ахмед
ибн Махмуд (12
ғасырдыңсоңы, Түркістан өңірі — 13
ғасырдың басы, сонда) —
ортағасырлық ақын, хакім, ойшыл.
Иүгінеки (қазақша Жүйнек)
қаласында туып өскен. Ахмед
Иүгінеки, Югнаки Адиб Ахмед ибн
Махмуд (12
ғасырдыңсоңы, Түркістан өңірі — 13
ғасырдың басы, сонда) —
ортағасырлық ақын, хакім, ойшыл.
Иүгінеки (қазақша Жүйнек)
қаласында туып өскен.*

Ахмет Иүгінекидің “Ақиқат сыйының” түпнұсқасы біздің заманымызға жетпей, біржолата жоғалып кеткен. Ахмед Иүгінеки мұрасының 14 — 15 ғасыр жасалған 3 түрлі көшірмесі, 3 түрлі үзіндісі бар. Оның ішінде ең ескісі — 1444 жылы [Самарқанда](#) Арыслан Қожа тархан Әмірдің қалауымен Зәйнүл Әбідін бин Сұлтан Бақыт Журжани Құсайын көшіріп жазған нұсқа. Көне [ұйғыр](#), арагідік арабша хатқа түскен нұсқаның жалпы көлемі — 508 жол. Бұл мұра қазір Стамбұлдағы Айя-София кітапханасы қорында сақтаулы; 2-нұсқа [Стамбұлда](#) 1480 жылы Шайх зада Абд әр-Раззақтың ұйғыр және араб жазуымен көшірген, 506 жолдан тұратын үлгісі. Парсыша, тәжікше түсініктемелері бар, Стамбұлдағы Айя — София кітапханасында сақтаулы бұл жәдігерлікті Н. Әсім 1915 жылы, ал қаласының Маһмудов 1972 жылы алғаш жариялаған; “Ақиқат сыйының” үшінші арабша нұсқасы 14 ғасырдың ақырында, немесе 15 ғасырдың басында 524 жол өлең көлемінде көшірілген. Ол Стамбұлдағы Топ-Қапы сарайында сақтаулы. Сол сияқты “Ұзын көпірдегі Сейіт Әлі” деген кісінің кітапханасынан табылып, Анкара кітапханасына табыс етіліп, кейін мүлдем жоғалып кеткен Ахмед Иүгінеки мұралары туралы дерек бар. Анкарадағы Маариф кітапханасынан табылған (көлемі 4 бет), Берлин Ғылым Академиясында сақтаулы тұрған (1 бет) өзге нұсқалардың із-жосықтары Ахмет Иүгінеки. еңбектерінің қаншалықты кең көлемде таралғанын дәлелдей түседі. “





Ахмет гуманизмі

Ахмед Иүгінеки гуманизмі діни этикалық қағидалармен қабысып жатады: “Біреу зәбір-жапа жасаса, қарымына рахат көрсет. Өйткені қанды қанмен қанша жусаң да тазармайды. Адамгершіліктің басы — осы”. Яғни, зұлымдық зұлымдықты тудырады деген қағиданы хадистерінің қазығы ете отырып, кешірімді болғанды хош көреді: “Бір айыпқа бола бас кесуші дүниеде тірі адамсыз қалады” дейді. Бірақ дүние мен адамдардың кемелсіздігіне орай айтылған “Мың досың болсын мейлі, біреуі де адал емес”, “Дүние бір қолмен бал, бір қолмен у ұстатады” немесе “Шырақ, сырың өзіңде сақталып тұрмаса, досыңда сақтала ма?” деген сөздерінен үмітсіздік сарындар да аңғарылып қалады. Ахмет Иүгінекидің нақыл сөздері түркі жұртында бүгінге дейін мақал-мәтел түрінде сақталып, айтылып келеді.

Ахмед Йүгінекидің «Ақиқат сыйы» еңбегі және ақынның әлеуметтік-саяси көзқарастары



Ахмедтің дүниеге көзқарасының бұқарашылық сипаты мына тұжырымдардан жақсы байқалады: «әкімдердің игі жұмсақ, ақ көңіл екен деп сеніп қалуға болмайды, олардан әрдайым сақтанып жүру керек, өйткені олардың қолында шексіз күшті билік бар: кейде тіпті қалжыңқойдың зілсіз, бейкүнә қалжыңының өзі оның басын жұтар болар, пайдасыз дау-шар мен қалжыңнан аулақ бол». Жүйнекидің этикалық-педагогикалық ой-толғамдары кейде нақты әлеуметтік жағдайлардан тыс пайымдалғанмен, бұларда адамгершілік ізгі мұраттардың, жалпы адамзаттың мінез-құлық нормалары мен қағидалардың гуманистік көріністері айқын аңғарылады». Ата-бабаларымыздың өміртанымы мен өсиетін меңгеру, тілін түсіну тез арада тындыра салатын шаруа емес. Ол тыңғылықты іздену мен қажырлы еңбекті талап етеді. Бұл шығарманың бүгінгі жастарды патриоттық сезімде тәрбиелеудегі маңызы зор деп атап өте аламыз.

“Білікті білім жинап,кәсіп етер,
Білімнің дәмін татып,өсіп өтер.
Білдірер білім елге білім
сырын
Білімсіз білімді аттап,бөсіп
өтер” -

Ахмет Иүгнеки

“Сөз есепсіз-тіліңді тый, тарта ұста
Тыймаған тіл басыңа сор әр тұста.
Есепті сөз-ер сөзінің асылы,
Мылжың тілді “жау” деп ұғын
тартыста” -

Ахмет Иүгнеки



Қожа Ахмет Йассауи кесенесі

*Ахмет Ясауи кесенесі — Түркістан қаласында XIV
ғасырдың соңында тұрғызылған
архитектуралық ғимарат. Қожа Ахмет Ясауи дүние
салғаннан кейін халықтың көп жиылуымен өзіне
арнап соғылған кішкене мазарға жерленеді. Кейін бұл
кесене мұсылмандардың жаппай тәуеп ету орнына
айналды.*

*Түркістан қаласындағы Ахмет Ясауи ғимараты —
орта ғасырлық сәулет өнерінің көрнекті ескерткіші.
Ол XII ғасырда өмір сүрген бүкіл Шығысқа аты
әйгілі көне түркі ақыны, софизмді уағыздаушы
Ахмет Ясауидің (Яссы-дан шыққан деген мағынада)
бейітінің басына орнатылған.*



© voxpopuli.kz

Қожа Ахмет Йассауи жерленген жер



*Назарларыңызға
рахмет!*